

Shet shugýlasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-sarasi gazetini Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady beisenbi, 30 saýir 2026 jyl №17 (11 213)

ХАЛЫҚТЫҢ ҚУАТЫ - БІРЛІКТЕ

1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

1 мамыр күні біз Сіздермен бірге Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесін атап өтеміз. Бұл күн шын мәнінде Тәуелсіз елімізде тұратын ұлттар мен ұлыстардың достық, бірлік және жасампаздығының үлгісіне айналды. Бүгінде Қазақстанда тұрып жатқан халықтардың жалпы тарихы, тағдыры, олардың құндылықтары мен мұраттары ортақ. Еліміз халықтар бірлігі мен достығының мекені. Біздерді ортақ тарих пен бұрынғы өткен қиындықтар, жеңістер, Қазақстанның дархан даласына деген сүйіспеншілік, елімізде тұратын көптеген ұлттардың бір арнаға тоғысқан арман-мақсатын ортақ үйіне айналған қасиетті қазақ жері біріктіреді.

Тәуелсіздік жылдары ішінде саяси тұрақтылық, ұлтаралық және конфессияаралық келісім сақталуда. Осындай тыныштықтың арқасында біздер болашағымызға зор үмітпен қараймыз.

Халықтардың бірлігі мен достығының қаншалықты ұлы құндылық екенін бүгінгі таңда ортақ үйіміздегі жетістіктерді мұқият сақтап, оларды келер ұрпаққа қалай жеткізу керектігін уақыт та, біздің еліміздің ортақ тарихы да бірнеше мәрте дәлелдеп көрсеткен болатын.

Құрметті аудан тұрғындары!

Баршаңызды Қазақстан халқының бірлігі күні шынайы жүректен, ақ пейілді тілекпен құттықтаймыз!

Сіздерге зор денсаулық, мызғымас бірлік, қиыспас достық, берекелі ырыс тілейміз!

Мұхит МҰХТАРОВ,
аудан әкімі.

Саят СОЦИАЛ,
мәслихат төрағасы.



Таза ауыл. Таза өлке. Таза ел!

ЖАС КӨШЕТТЕР ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

тамалар алдағы уақытта да өз жалғасын табатынына сенемін, - деді. Ауыл ақсақалы А.Рәшидов ақсақал шараға қатысу-

шыларға іске сәт тілеп, бата берді.

Саябаққа тал отырғызуға келген аудан әкімдігі, аудан-



дық мәслихат қызметкерлері, бөлім, мекеме басшылары, ауылдық Ардагерлер кеңесі, аудандық мешіт және жастар жұмыла кірісіп, сауапты іске өз үлестерін қосты.

Тал отырғызудың соңы спорттық шараға ұласып, мекемелер арасында арқан тартудан жарыс өтті. Жүлделі орын алған командалар аудандық спорт бөлімі арнайы дайындаған медальдармен марапатталды.

Тал егу шарасы тек саябақта ғана емес, сонымен қатар, мәдениет үйінің алаңында, аудан орталығында басқа да мекемелер ауласында, сондай-ақ, аудан орталығындағы Бас жақ тұрғындарының ұйымдастыруымен бұлақ басында да өтті. Бұлақ басына қарағай, терек, тағы басқа да тал көшеттері отырғызылды.

Өз тілшімізден.

БАСПАСӨЗ БАРИШАҒА!

“ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

Shet shugýlasy

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР “ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ГАЗЕТІМЕН БІРГЕ БОЛЫҢЫЗДАР!

АУДАНЫҚ “ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ 6 АЙҒА 3335.76 ТЕНГЕ ИНДЕКСІ 65049

АУДАНЫҚ АПТАЛЫҚ БАСЫЛЫМҒА “ҚАЗПОЧТА” АҚ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕГІ БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ.

Комиссия отырысы

БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ
ЖАУАПКЕРШІЛІК КЕРЕК

Жуырда аудан әкімінің орынбасары Дәурен Кәрсембаевтың төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы кәсіпкерлік және әлеуметтік комиссияның кезекті отырысы болып өтті.

ласының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселесі қаралды. Аталған мәселе бойынша Шет ауданының полиция бөлімінің ювеналдық полиция тобының учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Ж.Айтұова хабарлама жасады.

сының сабақ үлгерімі жақсы екенін, тек онымен бірге уақыт өткізбейтіндігін, баланың тағдырына ешқандай көңіл бөлмейтінін, анасының жауапкершілігі жоқтығын айта келе, шара қолдану керектігін талқыға салды.

Шет ауданының білім бөлімінің басшысы Р.Әбеннова оқушының жағдайын толық баяндап, баланың қара сусыз қалатынын, әлеуметтік жағдайларының төмен екендігін айтты. Азаматша Т.Русановаға жергілікті жердегі мектепке жұмысқа қабылдау мүмкіндігін қарастырсақ, әрі зейнетақы қорына да ақша аударылады деген ұсынысын да білдірді. Сонымен қатар, бүгінде мемлекет тарапынан балаға бар мүмкіндіктің жасалып жатқандығын атап өтті.

Комиссия отырысын қорытындылаған аудан әкімінің орынбасары Д.Кәрсембаев мектеп тарапынан жергілікті учаскелік инспектормен жағдайды бақылауда ұстауды, азаматша Т.Русановаға соңғы ескерту берілетінін және бұдан былай бала тәрбиесіне көңіл бөліп, жауапкершілікпен қарауды айтып, қайталанған жағдайда ата-аналық құқығынан айыру мүмкіндігі қарастырылатынын жеткізді.

Өз тілшімізден.



Отырыстың күн тәртібінде Ақшатау кентінің тұрғыны Т.А.Русанованың отбасындағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы және оның кәсіпкерлікке қатынасы туралы мәселе талқыланды.

Аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы Д.Кәрсембаев азаматша Т.Русановаға тұрмыстық жағдайының нашар болуына қарамастан кәсіпкерлікке қатынасы туралы мәселе талқыланды.

Иманы кемел ел мықты!

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ
АЛДЫН АЛУ: ҚОҒАМДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ДІНИ
САУАТТЫЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі жаһандану кезеңінде ақпарат алмасу шапшаңдығы артып, әлемнің кез келген нүктесіндегі жаңалықтар санаулы секундтарда таралатын болды. Мұндай ортада қоғамның рухани және әлеуметтік қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін құбылыстардың бірі – діни экстремизм мен терроризм. Бұл құбылыстардың алдын алу – мемлекет үшін ғана емес, әрбір азамат үшін маңызды міндет. Осы бағытта Қазақстан қоғамының алдында тұрған басты талап – діни сауаттылықты арттырып, рухани тұрақтылықты сақтау.

Діни экстремизмге қарсы күрестің маңызы

Діни экстремизм – дінді бұрмалап түсіндіру арқылы адамдарды адастыруға бағытталған теріс идеология. Оның басты мақсаты – қоғамның тыныштығын бұзу, адамдарды шатастыру және ұлттық бірлікке қауіп төндіру. Мұндай идеология көбіне діни білімді толық меңгермеген, эмоцияға берілген жастарды нысанаға алады. Сондықтан қоғамның басты міндеті – дінің шынайы мазмұнын түсіндіру, жалған ақпараттың алдын алу және халықтың діни сауатын көтеру.

Дін саласындағы негізгі бағыттар

Мемлекет пен қоғамның дін саласындағы жұмысы бірнеше негізгі бағыттарды қамтиды.

1. Заңнамалық қауіпсіздікті нығайту. Дін саласын реттейтін заңдар мен ережелердің басты мақсаты – экстремистік идеялардың таралуына жол бермеу және діни қызметтің тұрақты негізде жүргізілуін қамтамасыз ету. Заңдардың ашық түсіндіріліп, халыққа қолжетімді болуы – әлеуметтік тұрақтылықтың кепілі.

2. Ресми діни ұйымдармен өзара ықпалдылықты нығайту. Діни ұйымдармен өзара ықпалдылықты нығайту – діни экстремизмге қарсы күрестің маңызды бағыты.

Тіркеген, заңды негізде жұмыс істейтін діни ұйымдар қоғамдағы діни

түсінікті нығайтып, халыққа дұрыс бағыт-бағдар береді. Олармен әріптестік орнату – сенім мен тұрақтылықтың маңызды тетігі.

3. Қоғамдық келісім мен толеранттылық. Қазақстан көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет. Әртүрлі сенім иелерінің өзара қарым-қатынасы, сыйластығы, түсіністігі – экстремизмге қарсы ең мықты қалқан. Бірлік бар жерде теріс ойға жол жоқ.

4. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Интернеттегі жалған діни ақпараттың таралуы – қазіргі заманның негізгі мәселесі. Осыған байланысты дұрыс ақпарат тарату, ресми дереккөздерді насихаттау, медиа сауаттылық мәдениетін қалыптастыру өте маңызды.

Діни сауаттылық – рухани қауіпсіздіктің негізі.

Діни сауаттылық тек діни мәтіндерді білу ғана емес, ең алдымен:

- дінің адамгершілік пен мейірімділікке шақырғанын түсіну;

- күмәнді ақпарат пен шынайы білімді ажырата білу;

- діни мәселеде мамандардың пікіріне жүгіну;

- бейбітшілік пен татулықты басты құндылық деп тану.

Діни сауатты адам ешқашан экстремистік ойдың жетегінде кетпейді. Сондықтан жастардың діни сауаттылығын арттыру – ұлттық қауіпсіздіктің ең маңызды бөлігі.

Жастарды теріс ағымдардан қорғау

Жасөспірімдер – қоғамның ең динамикалық әрі сезімтал бөлігі. Олар жаңа ақпаратты тез қабылдайды, эмоцияға жиі берілетіндіктен, теріс ағымдардың ықпалына түсіп қалу қаупі бар. Сол себепті жастарды қорғайтын негізгі шаралар мыналар:

- Мектеп пен колледждерде дінтану негіздерін сапалы оқыту

- Ата-аналар мен балалар арасындағы ашық диалогты дамыту

- Жастарға арнап білікті теологтар мен дінтанушылар өткізетін түсіндіру кездесулері

- Интернеттегі қауіпті топтар мен жалған ақпараттарды тануды үйрету

Жастарға дұрыс бағыт көрсетілсе, олар елдің дамуына үлес қосатын саналы азамат болып қалыптасады.

Ақпараттық мәдениет – теріс идеологиядан қорған

Бүгінгі ақпарат ғасырында кез келген бейресми парақша, бейнежазба немесе мәтін өзінің сенімділігін дәлелдемей-ақ кең тарай алады. Теріс ағымдардың идеологиясы көбіне дәл осындай алаңдар арқылы таралады.

Сондықтан әрбір азамат ақпараттың көзіне мән беруі, тек ресми арналарға жүгінуі, күмәнді діни түсіндірмелерге сенбеуі және қажет жағдайда діни сарапшыларға жүгінуі керек. Бұл – қоғамның өзін-өзі қорғауының ең тиімді әдістерінің бірі.

Қорытынды

Діни экстремизм мен терроризм – тек құқықтық немесе саяси мәселе емес, ол ең алдымен рухани қауіпсіздік пен әлеуметтік тұрақтылық мәселесі. Оны жеңудің ең басты жолдары – қоғамның бірлігі, жастардың ой-өрісін кеңейту, ақпараттық мәдениет пен діни сауаттылықты арттыру.

Егер әрбір азамат дінді дұрыс түсініп, күмәнді ақпараттан сақтанып, елдің бейбіт өмірін құрметтей білсе, онда еліміздің болашағы да баянды, тұрақты және жарқын болмақ.

А.АХМЕТОВ,
Шет ауданы ішкі саясат,
мәдениет және тілдерді дамыту
бөлімінің басшысы.

ТАНЫС БОЛЫҢЫЗ:
АУДАНДЫҚ МӘДЕНИ-САУЫҚ
ОРТАЛЫҒЫНДА ЖАҢА БАСШЫ

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік кәсіпорының басшысын тағайындау

дау және аттестаттау жүргізу, сондай-ақ, оның кандидатурасын келісу» қағидаларына сәйкес өткізілген конкурс нәтижесі бойынша Шет аудандық мәдени-сауық орталығының директоры лауазымына Бесимов Нұржан Тұрсынұлы тағайындалды.

Бесимов Нұржан Тұрсынұлы 1983 жылы дүниеге келген. 2 жоғары білімі бар. Еңбек жолын 2003-2008 жылдары Ақадыр кенті мәдениет үйінің концертмейстер қызметінен бастаған. 2005-2013 жылдары ҚОФ «Қазпочта» АҚ Ақадыр пошта байланыс торабында программист, 2013-2026 жылдары Ақадыр кенті Ш.Бейсекқызы атындағы мәдени-сауық орталығының директоры лауазымын атқарған.

Тағайындаулар

АУДАНДЫҚ БӨЛІМДЕРДЕГІ
КАДРЛЫҚ АУЫС-ТҮЙІСТЕР

Ішкі конкурс нәтижесі бойынша ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы болып Жүніс Шоқан Көмелұлы тағайындалды.

Бұған дейін кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы қызметін атқарып келді.

Еңбек жолын ауыл шаруашылығы саласында бастап, салық органдарында түрлі жауапты қызметтер атқарды. Әр жылдары салық комитетінде басшылық қызметтерде, Шет ауданы әкімінің орынбасары қызметінде болды.

Ауданның кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы болып Ахмедия Самат Аманжолұлы тағайындалды.

Бұған дейін тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі

және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы қызметін атқарып келді.

Еңбек жолын тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында бастап, аудан әкімі аппаратында, әр жылдары жастар саясаты, мәдениет және спорт салаларында басшылық қызметтер атқарды.

Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы болып Құлсаров Әлібек Елубекұлы тағайындалды.

Еңбек жолын 2016 жылы құрылыс бөлімінде бастап, аудан әкімі аппаратында төтенше жағдайлар саласында, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде сектор меңгерушісі, бөлім басшысы қызметтерін атқарды.

Электрондық тасымалдаумен және өтінішпен бірге шартқа қол қоюға уәкілетті тұлғаның қолы қойылған, Үгіт материалының мазмұны болып табылатын мәтіннің түсіндірмесі, суреттері Үгіт материалдарында пайдаланылған тұлғалардың жазбаша рұқсаттары, ал олар қайтыс болған жағдайда – мұрагерлерінің жазбаша рұқсаттары, жарнамалық материалдарда көмелетке толмаған балалардың суреттері пайдаланылған жағдайда – ата-аналарының, қамқоршыларының, жанашырларының жазбаша рұқсаттары беріледі.

Үгіт материалдарында олардың төленуі, қаржыландыру көздері туралы ақпарат болуы тиіс.

Үгіт материалдарын ұсынған Кандидаттар олардың мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, соның ішінде авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы заңнамаға сәйкес болуына дербес жауапты болады.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген тәртіп пен талап бұзылған жағдайда, сондай-ақ, тиісті шарт талаптары бұзылған кезде Үгіт материалдарын шығару жүргізілмейді не болмаса бұзылушылық жойылғанға дейін тоқтатылады.

Егер Үгіт материалдарында конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, республиканың тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, топтық және тектік араздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа басу, сондай-ақ, заңдарда көзделмеген ескерілгендірілген құрамалар құру идеялары болса, жариялаудан шығарудан бас тартылады.

Үгіт материалдарында басқа да Кандидаттардың арына, намысына немесе іскерлік беделіне зиян келтіруі мүмкін ақпарат болған жағдайда оларды газетке шығарудан бас тартуға құқылы.

Үгіт материалдарын орналастыру құны және тілі

№	Қызмет атауы	Өлшем бірлігі	Бағасы (теңге)
1	Жарияланым	Шаршы см	250-00 теңге

Шет аудандық «Shet shugylasy» қоғамдық-саяси газеті, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көш. 73, тел 8 (71031) 21142, 50903. Жазбаша өтініштер факсимильдік және Интернет байланыс арқылы қабылданбайды.

Шет аудандық қоғамдық-саяси «Shet shugylasy» газеті.

Ақпараттық хабарлама

Шет аудандық қоғамдық-саяси «Shet shugylasy» газетінің 2026 жылғы 24 мамырға тағайындалған Ақой ауылдық округі әкімдігіне кандидаттардың сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін жарияланымдар беруінің жалпы шарттары

Шет аудандық «Shet shugylasy» қоғамдық-саяси газеті меншік иесі, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес, сайлауалды үгіт материалдарын (бұдан әрі – Үгіт материалдары) орналастыру үшін шарттары мен тәртібі, төлем мөлшері туралы хабарлайды.

1) Кандидатпен немесе Кандидаттың уәкілетті өкілі арасында жасалатын жазбаша шарт негізінде жарнаманың болуына және/немесе болмауына қарай, Үгіт материалдарының БАҚ-та жариялануына дейін күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын әзірленеді.

Үгіт материалдарын орналастыру жолымен жүзеге асырылады:

1) Үгіт материалдары қазақ және орыс тілдерінде.

Кандидаттың не болмаса оның уәкілетті өкілінің редакция басшысының атына жазған жазбаша өтініші шарт жасау үшін негіздеме болып табылады.

Үгіт материалдарының саны, жоспарланған күн мен уақыт Кандидаттың не болмаса оның уәкілетті өкілінің жазбаша өтінішінде көрсетіледі, кейіннен олар шарт талаптарымен бекітіледі. Өтініш Кандидаттардың өтініштерін тіркеу журналында, кезектілік тәртібімен, әр жазбаша өтінішке реттік нөмір тағайындау және өтініштің келіп түскен күнін белгілеу жолымен тіркеледі.

Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуі керек:

1) Кандидаттың тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) өтініш берген тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі;

3) шарт жасау үшін тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттар.

Газетке жарияланым жасау Кандидаттардың Үгіт материалдарын орналастыру кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу ретімен не болмаса, егер өтініштер бір уақытта келіп түскен жағдайда, жеребе бойынша белгіленеді.

Үгіт материалдарды сыртқа тасымалдау үшін (қатты диск, флеш карта) беріледі.



“Таза Қазақстан” республикалық экологиялық акциясы аясында **К.Мыңбаев** атындағы ауылдық округінде **“Жасыл желек”** атты сенбілік ұйымдастырылды.

Аталған іс-шараның басты мақсаты - қоршаған ортаны қорғау, ауыл аумағын көгалдан-

Таза ауыл. Таза өлке. Таза ел!

“ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК” - ЖАН САЯСЫ

дыру және тұрғындардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыру. Сенбілікке ауыл тұрғындары, мекеме қызметкерлері мен жастар белсене қатысып, бірлесе еңбек етті.

Іс-шара барысында әкімшілік ғимаратының алдына ағаш көшеттері отырғызылып, аумақты абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Бұл бастама ауыл көркін арттырып қана қоймай, келешек ұрпаққа таза, әрі жасыл орта қалдыруға бағытталған игі қадам болды. Мұндай

шаралар тұрғындарды бірлікке шақырып, туған жерге деген сүйіспеншілікті нығайтады. Табиғатты аялау - әр азаматтың парызы екенінің дәлелі. Сенбілікке бір адамдай барлығы қатысты.

Жадыра РЫСҚҰЛҚЫЗЫ,
К.Мыңбаев атындағы ауылдық округінің әкімі аппаратының бас маманы.



СЕНБІЛІККЕ ЖАПШАЙ КІРІСТІ

Ауданымызда елді мекендерді көркейтуге бағытталған тазарту, көгалдандыру, абаттандыру бойынша тиянақты жұмыстар жүргізіліп жатқаны мәлім.

Бұрма ауылы бойынша 4 сәуірден осы уақытқа дейін сенбілікке 50 адам қатысып жұмыстар атқарды. Сенбілікке ауылдағы мектеп, мәдениет үйі, денсаулық сақтау саласының, ауылдық әкімдік қызметкерлері атсалысты.

Бүгінде ауылдағы қыстан қалған күл-қоқыс шығару жұмыстары жүргізілуде. Оған екі Камаз жүк көлігімен қатар, басқа да тиегіш техникалар жұмылдырылып, күл-қоқыстар сыртқа шығарылуда.

Еркебұлан АХМЕТ,
бас маман.
Бұрма ауылдық округі.



АУЫЛ КӨРКІ - АЗАМАТ АЖАРЫ

Ауданымыздың барлық елді мекендеріндегідей Көктіңкөлі ауылдық округі бойынша “Таза Қазақстан” жалпыұлттық акциясы аясында сенбілік өтті.

“Ауыл көркі - азамат ажары” деген қанатты сөздің астары да ауыл тазалығын меңзейтіні анық. Тазалықтың көпшілік болып қолға алғанда ғана жүзеге асатыны мәлім. Сенбілікте 150 ағаш кесіліп, 100 ағаш отырғызылды. Сенбілікке 70 адам қатысып, 4 техника жұмылдырылды. 560 тонна күл-қоқыс сыртқа шығарылды.

Бүгінде ауылда өктеу, сырлау жұмыстары жүргізілуде.

Т.ШАХМИН,
Көктіңкөлі ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.



Заң мен тәртіп

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ - БАСТЫ МІНДЕТ

Жемқорлық - мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек. Біз қазір жанаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-сыбай-

лас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтыры мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуге және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Еліміздің өркеніетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу - біздің басты міндетіміз.

К.ЖАУБАСОВА,
Шет ауданының №2 аудандық сот Әкімшісінің басшысы.

Жаңа Конституция - бірлігіміздің тірегі

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АТА ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының Конституциясы 2026 жылы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданды. Еліміз үшін бұл Конституцияны қабылдау заман талабы болды десек қателеспейміз. Себебі осының алдындағы Конституция еліміздің егемендігін алып, іргесін бекітіп, дербес мемлекет ретінде аяққа нық тұруына негізделіп қабылданған болатын.

Бүгінгі күнде еліміз әлемдік аренада өзіндік орыны бар, саяси-экономикалық жағынан беделді, әлем мойындаған елдердің қатарында. Ендігі кезекте заманауи дамыған технологиялар мен техникаларды қолдануда, мемлекетті басқару жүйелеріндегі жаңашылдықты, адам өмірі, денсаулығы және бостандығына кепілдік беру, сонымен қатар меншік құқықтарын қорғау мен осыған қатысты кейінгі кезде өршіп келе жатқан кибер қылмыстардан қорғайтын заңды негіз қалыптастыру керек. Осының барлығын жаңа Конституция қамтып отыр. Бұл құжат мемлекетіміздің дербестігі мен егемендігін одан әрі нығайтуға, саяси жүйені жаңғырту және

қоғамдық дамудың жаңа моделін қалыптастыруға бағытталып отыр.

Жаңа Ата Заңның мәтінінде басты басымдықтарының бірі - азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейту, заң үстемдігін қамтамасыз ету және әділетті қоғам құру. Сонымен қатар білім мен ғылым, мәдениет пен инновация мемлекеттің стратегиялық дамуының негізгі тіректері ретінде қарастырылады. Цифрландыру үдерістерін жеделдету, ғылыми зерттеулерді қолдау, инновациялық экожүйе қалыптастыру және адами капиталдың сапасын арттыру - елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін шешуші факторлар ретінде айқындалды.

Жаңадан қабылданған Конституция - халықтың мемлекет басқару ісіне белсенді қатысуына жол ашатын, білімге, ғылымға және инновацияға негізделген жаңа әділетті Қазақстанды құруға бағытталған тарихи құжат.

Жұмаш ЖҮНІСБЕКОВ,
С.Сейфуллин атындағы кент Ақсақалдары кеңесінің төрағасы.

Білімнің мініп тұлпарын

ӘЛЕМДІК ДЕНГЕЙДЕГІ ҮЛКЕН ЖЕҢІС

Жақында Түркия Республикасының Кемер қаласында өткен Fibonacci International Mathematics Olympiad - Eurasia Championship халықаралық білім додасының әлемдік финалында Ақадыр кентінің Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің оқушылары зор жетістікке қол жеткізді. Дарынды мектеп шәкірттері өз білімдері мен біліктерін жоғары деңгейде дәлелдеп, әлемнің үздік ко-

мектеп-лицейдің үздік оқушылары Құрмаш Санжар - бірінші орынды (жетекшісі С.Махмутова) жеңіп алса, үшінші орынды Арқалық Анар (жетекшісі А.Мұқыш) иеленді. Ал, Аманғали Жантөре де үшінші орынға қол жеткізіп, (жетекшісі Г.Бимақаева) мектебіміздің мерейін асырды.

Осындай биік белестерді бағындыру арқылы олар еліміздің де абыройын асқақ-



мандалары арасында ТОП-5 үздіктер қатарына еніп, үлкен абыройға ие болды.

Осы жетістік ұстаздар мен оқушылардың тынымсыз еңбегінің, сапалы білім мен табанды дайындықтың нақты нәтижесі деп білу керек. Халықаралық деңгейдегі үлкен жеңіс - тек жеке жетістік қана емес, бүкіл мектеп ұжымының ортақ мақтаншысы.

Аталған білім бәйгесінде жүлделі орындарға ие болған оқушыларды атап айтуға болады. Мәселен білім бәйгесінде

татып, болашаққа нық қадам жасауда.

Мектеп-лицейдің талантты оқушыларын осындай айтулы жетістіктерімен шын жүректен құттықтай отырып, алдағы уақытта да жаңа белестерді бағындырып, білім көгінде биіктей беруіне тілектеспіз.

Болашақ - білімді ұрпақтың қолында. Жетістікке бірге жете берейік.

Қ.БЕКҚОЖИН,
Ақадыр кенті.

Ұлттық кітап күні

КІТАП БІЛІМНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Жақында Ұлттық кітап күніне орай Ақой ауылындағы кітапханада «Кітап - білім бұлағы» атты танымдық, әрі қызықты іс-шара өткізілді.

Іс-шараның басты мақсаты - жасөспірімдердің кітапқа деген қызығушылығын арттыру, олардың ой-өрісін кеңей-

түсіндірді. Бұл тапсырма олардың тіл байлығын арттырып, ойлау қабілетін дамытуға ықпал етті. Сонымен қатар, жас оқырмандар арасында «Сөз құрастыр» ойыны ұйымдастырылып, берілген әріптерден мағыналы



тіп, білімге деген құштарлығын дамыту болды. Шараға 8-9 сынып оқушылары белсене қатысып, өз белсенділіктерін көрсетті. Шара барысында кітапханада арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқушылар түрлі жанрдағы әдебиеттермен танысты. Көрме арқылы өздеріне қызықты кітаптарды тандап, үйге оқуға алды.

Келесі кезекте өткізілген танымдық бөлімде оқушылар мақал-мәтелдерді жалғастырып, олардың мағынасын

сөздер құрастыру арқылы оқушылардың зейіні мен шапшаңдығы сыналды.

Іс-шара соңында кітаптың адам өміріндегі маңызы туралы бейнеролик көрсетіліп, оқушылар өз ойларымен бөлісті.

Кенжегүл
ЫНТЫБЕКОВА,
кітапханашы,
Ақой ауылы.

Семинар

КІТАПХАНА ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Жуырда аудандық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен «Кітапхана қызметіндегі жасанды интеллект» тақырыбында семинар ұйымдастырылды. Семинардың ашылу рәсімінде орталық кітапхананың директоры Нұрпейісова Мейрамгүл Сансызбайқызы кітапханашыларға сәттілік тілеп, семинар бағдарламасымен таныстырып өтті. Бұдан соң сөз алған аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Асхат Жанатұлы Ахметов шараға жиналған кітапханашылардың еңбегіне тоқталып, жұмыстарына табыс тіледі.

Іс-шара барысында Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының Ақпараттық ресурстар және жастар саясаты жөніндегі басшысының орынбасары Жолдыбалинов Нұржан Нұрланұлы



кітапханашысы Ә.Байзақова «Жасанды интеллект арқылы кітап қорын толықтыру және ретро кітаптарды қалпына келтіру» тақырыбында баяндама жасап, жаңа мүмкіндіктерге

сы А.Әубәкірова «Жасанды интеллект арқылы буктрейлер жасау - оқырман тартудың тиімді құралы» тақырыбында буктрейлер дайындау жолдарын тәжірибелік түрде көрсетті. Ал, әдістеме бөлімінің меңгерушісі А.Төлеуова «Цифрлық әдіскер: кітапхананың жаңа даму бағыты» тақырыбында баяндама жасап, кітапхана ісін цифрландырудың өзекті бағыттарын атап өтті. Сонымен қатар, бағдарламалаушы Қадырбек Азиат қатысушыларға арналған тәжірибелік сағат өткізіп, жасанды интеллект құралдарын қолданудың практикалық қырларын түсіндірді.

Аталған семинар кітапхана қызметінде жасанды интеллект технологияларын тиімді пайдаланудың маңызын айқындап, мамандар арасында тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді.



онлайн форматта конференция өткізіп, қазіргі кітапхана саласындағы цифрлық үрдістер туралы баяндама жасады. Семинардың мазмұнды бөлігінде кітапхана мамандары жасанды интеллектті қолдану бағытында өз тәжірибелерімен бөлісті. Кітап қорын жинақтау бөлімінің

тоқталды. Библиография бөлімінің библиографтары С.Аликулова, Н.Балдақова «Жасанды интеллект көмегімен әдеби шолу және библиографиялық құралдар дайындау» тақырыбында ақпарат беріп, заманауи құралдарды таныстырды. Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашы-

Дина ЖОЛДЫБЕКОВА,
аудандық орталық кітап-
ханасының әдістеме
бөлімінің әдіскері.

КІТАПШЕН БӨЛІС - БІЛІММЕН БӨЛІС

Ұлттық кітап күні - кітаптың қоғамдағы маңызын арттырып, оқырман мәдениетін дамытуға бағытталған ерекше мереке. Бұл күн - тек кітапты насихаттау ғана емес, сонымен қатар рухани құндылықтарды дәріптеп, жас ұрпақты білім мен парасаттылыққа жетелейтін маңызды шаралардың бірі. Кітап - адамзаттың баға жетпес байлығы. Ол - өткен мен бүгінді байланыстыратын алтын көпір, сан ғасырлық тәжірибе мен даналықтың қайнар көзі. Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге» деп, кітаптың адам өміріндегі орнын ерекше атап өткен.

Расында да, кітап оқу арқылы адам ой - өрісін кеңейтіп, дүние танымын байытады. Ұлттық кітап күні аясында Ортау ауылдық кітапханасының ұйымдастыруымен «Кітапшен бөліс - біліммен бөліс» атты букросинг оқушылар мамандар, мұғалімдер арасында өткізілді. Кітапханашы іс шараны ашып, оқырмандарды ұлттық кітап күнімен құттықтап, кітаптың шығу тарихы, кітап оқу мәдениеті туралы айтып, мақал мәтелдерден сайыс өткізілді. Іс шара барысында Еркен Алдияр, Кенжалова Аружан, Ғабдолла Айзере, Дүйсенбай Нұрисламдар кітап, білім туралы өлеңдер оқып, белсене қатысты. Жасырылған ертегілерді тауып, қысқаша мазмұндап, кітапты сүйіп оқитындарын дәлелдеді. Әр жерге жасырылған сұрақтарды тауып, жауап берген оқырмандарға төтті сый табыс етілді.



«Мен оқыған кітап» айдарында әкімшіліктің бас маманы Мұқыш Нұржан Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» атты кітабына жарнама жасап, мен оқыдым, сіздерде оқыңыздар деп кеңесін беріп, кітапты сөреге қалдырып, кітап өмірін ұзартуға өз үлесін қосты. Ал, 5 сынып оқушысы Әубәкір Әнел Б.Соқпақбаевтің «Менің атым Қожа» кітабына жарнама жасап, «неге осы кітапты оқуға кеңес бересің» атты сұраққа жауап беріп, оқылған кітапты басқа оқырманға қалдырып, біліммен өсірімен бөлісу жөнінде айтып өтті. Оқушыларды ұйымдастырып, дайындап алып келген директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары П.Акашеваға әкімшілік, кітапхана атынан алыс білдіремін. Осындай білімді, кітапқұмар оқырмандарымыз көп болсын. Ауыл әкімі М.Дүйсенбаев демеушілік жасап, барлық оқырмандарға балмұздақ алып беріп, әкімшілік бас маманы А.Берденова кеш соңында табыс етті.

Мұндай шаралар жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, кітап оқуды өмір салтына айналдыруға ықпал етеді.

Қазіргі цифрлық заманда кітап оқу дәстүрі өзгеріске ұшырағанымен, оның құндылығы ешқашан төмендемейді. Электронды кітаптар мен аудио-кітаптардың пайда болуы оқырманға жаңа мүмкіндіктер ашты. Дегенмен, қолмен ұстап оқитын кітаптың орны әрдайым ерекше.

Ұлттық кітап күні - әр адамды кітап оқуға үндейтін, рухани жаңғыруға бастайтын мереке. Сондықтан бұл күні әрқайсымыз қолымызға кітап алып, өзімізге жаңа білім мен шабыт сыйлайық. Кітап - біздің сенімді серігіміз, рухани азығымыз, болашаққа бастар жолымыз.

Бекзат ТАЙЖАНОВА,
кітапханашы,
Ортау ауылы.



Естелік

ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІКТИҢ ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

Адамзат тарихындағы ең бір қатыгез кезең атанған уақыт - екінші дүниежүзілік соғыс жылдары еді. Қаншама боздақ майдан даласында жер жастанды. Мындаған бала жетім, миллиондаған шаңырақ асыраушысыз қалды. От пен оқтың арасында өткен 4 жыл уақытта Қазақстанның өзінен 1.2 миллионға жуық сарбаз қатысып, олардың тең жартысы туған жеріне оралмаған. Аман қалғандары елге жаралы қайтып, соғыстан кейінгі қайта қалпына келтіру жұмыстарына бел шеше араласқан екен. Міне, биыл еліміз осынау сұрапыл кезеңнің аяқталғанын айшықтайтын Жеңістің 81-і көктемінде қадам басқалы тұр. Өкініштісі, жыл өткен сайын жаңбырша жауған оққа кеудесін тоса жүріп, жанқиярлық ерліктің ерен үлгісін көрсеткен майдангерлер мүлде таусылса, бесіктен белі шықпай жатып қара жұмысқа жегілген тыл ардагерлерінің саны да азайып барады. Біздің қолдан келері жаужүрек ата-әжелеріміздің рухтарына тағзым жасап, олардың ерен істері мен ерліктерін кейінгі буынға үлгі - өнеге ету болмақ.

Солардың бірі һәм бірегейі, Ұлы Отан соғысының ардагері, еңбек майданшаны, жерлесіміз - Құлсары Ахметжанұлы еді. Құлсарының өткен өміріне көз тастаған жан нағыз елім, жерім деген арда азаматтың асыл бейнесін және адалдық пен адамгершіліктің асқақ тұғырын көретіні ақиқат.

Құлсары Ахметжанұлы - 1919 жылы Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылында дүниесігін ашқан. Орта мектепті аяқтап, аудандық сауда ұйымында еңбек етіп жүрген жиырма жасар бозбала жігітті



1939 жылы әскери комиссариат Отан алдындағы борышын өтеуге шақырады. Әскери міндеті төмөндәлуға жақын қалғанда сұрапыл соғыс басталып, 49-шы армияның №238 гвардиялық атқыштар дивизиясының құрамында майдан даласына аттанады. Қар жастанып, мұз құрсаған жылдарда жалындаған жас жігіт Мәскеуді жаудан қорғауда ерекше ерлік көрсетіп, взвод командирі, кіші лейтенант шеніне көтеріледі. 1942 жылғы неміс фашистерімен кескілескен кезекті бір ұрыста көзінен ауыр жараланып, госпитальға жеткізіледі. Бір көзіне тиген жарақат екінші сыңарына әсер етіп, ақыры Мәскеу, Красноярск қалаларындағы емханаларда ұзақ уақыт ем алып, бірінші топтағы мүгедек ретінде елге оралады. Майдан даласындағы ерліктері ескеріліп, «Отан соғысы» орденімен, «Мәскеуді қорғағаны үшін», «Германияны азат еткені үшін» ордендеріне ие болып, кейіннен бейбіт заманда Ұлы Жеңістің әр жылдардағы ме-

режелік медалдарымен марапатталады.

Туған жеріне мүгедек болып келген жауынгердің төні жараланса да рухы сынбайды. Соғыс салған зардап, тұрмысты тұралатып, халықтың жағдайы өте төмен тұрған қиын шаққа тап болады. Елде бас көтерер азамат саусақпен санарлық. Көпшілігінен «қара қағаз» келіп, күнде жоқтау мен аза айтылған аласапыран кезеңде Құлсары ағамыз да үйде бос жатуды ар санап әр жерге барғанымен жұмысқа ала қоймайды. Бір көзі көрмейді, екінші көзі де бұлдырап көреді. Ақыры аудандық кино жүйесінде есепші болып жұмысқа тұрады. Осы жылдары өмірлік серігі Секербану Абзалбекқызымен отау құрып, шаңырақ көтереді. Киножүйесі мекемесінде жемісті еңбек жасап, кейіннен аудандық мал өнімдерін дайындау мекемесінде есепші - кассир болып қызметін жалғастырады. Қос жанары жалғанның жарығын толық көрмесе де өзінің туа біткен зерек-

тігімен, дара сезімтал алғырлығымен және жадының мықтылығымен есеп-қисап, кассирлік 30 жыл еңбегінде бір тиынды артық - кем қылмай қалтқысыз жұмыс жасауы талайдың таңдайын қақтырып, таңғалдырған ерекше оқиға еді. Мандайына жазған ғұмырының соңына дейін осы жұмысты адал да абыройлы атқарып, әріптестері мен қара орман халқының сый құрметіне бөленеді.

Абзал атаның көпшілдігі, бауырмалдығы ағайын - туысқа деген қамқорлығы керемет болған.

Үлкен-кішінің тілін таба білетін, көңілі көлдей, жаны жайсаң адам еді. Ешкімді бөліп-жармай, туған бауырындай көретін. Алыс-жақын туыстарының балалары улап-шулап сол үйде жатып оқитын.

Үйінен қонақ үзілмеген. Жолдастары Жұмал Балықов, Ермекбаев Картай, Қадірбек Халилин, Әбшит Айтжанов, тағы басқалары үйлеріне жиналғанда бір мереке болғандай, күлкі-өзілдері жарасып, ән-күй айтылып, дауыстары көшені жаңғыртып естіліп жатушы еді.

Бұның барлығының түп тамырында Құлсары Ахметжанұлының туа бітті асыл тегі тұрғандығын біреу білсе, біреу біле бермейді. Хакім Абайдың «Адамның адамшылығы - жақсы ата-ана, ұлағаты ұстаздан болмақ» дейтін сөзі бар. Ардақты өкенің қаны, еліне сыйлы аяулы ананың ақ сүтімен сіңген адами ізгі қасиеттер ағамыздың бағыт - бағдар алар темірқазығы болды. Тіршілігінде ағайынның қамқоры, елінің елеулісі ғана емес отбасының ұйытқысы мен әулетінің алтын дінгеі болып өмір кешті. Жан жары, еңбек ардагері Секербану Абзалбекқызы екеуі дүниеге 6 ұл, 3 қыз өкеліп, оларды бағып - қағып төлім-тәрбие беріп өсірді. Жұбайы Секербану зейнет жасына шық-

қанға дейін аудандық тұтыну қоғамында озат сатушы болып жұмыс жасады. Тұрмыс пен жұмыстың тізгінін тең ұстаған алтын құрсақты ана, немерелерінің сүйікті әжесі «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, атақты тұлға Жұмабек Ташенов қол қойған Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Грамотасымен және басқа да көптеген медалдармен марапатталып, бірнеше мәрте облыстық, аудандық, ауылдық Советтердің депутаты болып сайланды.

Сол балалары бүгінде алған мамандықтарының аясында ел игілігіне қызмет етіп, халқының сый-құрметіне бөленуде. Ата, әжелерінің атын өшірмей, жақсы ісін жұртқа жария ететін немерелері, шөберелері өсіп келеді. Баланы өмірге өкеліп, дұрыс тәрбиелеп, еліне пайдалы азамат етіп өсіргеннен асқан бақыт жоқ.

Көне заманнан бері атамыз қазақ «Ағаш - тамырымен, адам - ұрпағымен мың жасайды» немесе «Адам өзі - мың жасамайды, ұрпағымен мың жасайды» дейді. Расында, тәлімді бала, тәрбиелі қыз, адамның жасын да, атын да ұлықтап, ғасырларға ұзартады. Құлсары мен Секербанудың өнегелі өмірлері, биік адамгершілік қасиеттері, елге, халыққа сіңірген еңбектері жылдан жылға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жасай беретініне біз көміл сенеміз.

Ең бастысы - бағасын білетін ел-жұрты бар. Міне, сынаптай сырғып асылдарымыздың өмірден озғанына 50, 35 жылдар да өте шықты, осы уақытта олардың нағыз Азамат, Азаматша болғандарына нақты көзіміз жетіп отыр.

Тұрсын ОРДАБАЕВ,
Шет ауданының
«Құрметті азаматы»,
еңбек ардагері.

Имандылық

МҰСЫЛМАНҒА ҚАЖЕТ ҚАСИЕТ

Мұсылман көркем мінезімен, әдебімен, білімімен, әділдігімен, көпке үлгі болар тақуалығымен айналасына өнеге көрсете білуі керек. Осы ретте мұсылманға қажет қасиеттермен бөлісуді жөн көрдік.

Имандылық - адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс-әрекеттерін белгілі-бір қалыпқа түсіретін рухани жол. Ол - адам бойындағы ізгіліктің көрінісі. Қасиетті Құран Кәрімде: «Ер немесе әйел кісіден кім иман келтірген бойда тузу іс істесе, әлбетте оны жақсы тіршілікте жасатамыз. Әрі оларға істеген істерінен де жақсырақ сыйлық береміз» («Нахыл» сүресі, 97-аят) деген. Ал, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Сендердің ешқайсыларың өзі үшін жақсы көрген нәрсені басқа бауыры үшін де жақсы көрмейінше, шынайы мүмін бола алмайды» деген. Исламның асыл құндылықтарын темірқазық еткен дана бабаларымыз да адамның имандылығына, кісілік қасиеттеріне ерекше көңіл бөлген. Имандылықсыз тіршілік жоқ. Осыны ешқашан естен шығармасандар. Имандылықты жанына серік етпеген адам адамдық қалыптан шығып, хайуанның күнін кешеді. Алла бізді ондай нәрседен сақтасын.

«Отанды сүю - иманнан» деген аталы сөз бар. Отаншылдық - Отанға, туған еліне, оның тіліне, туып өскен жеріне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген құрметтен тұрады. Отаншылдықтың мәйегі - ұлтты сүю. Өз ұлтын, туып өскен жерін сүйіп, оның көркеюіне қызмет етіп, жоғын жоқтайтын азамат қана отаншыл

бола алады. Отаншылдық халықтың өз ана тілін, ділін, дінін берік сақтауымен және мақтан тұтуымен тікелей байланысты. Дінімізде отаншылдық шынайы мұсылманға тән қасиет ретінде қарастырылған. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Сен мен үшін сондай қымбатсың, сүйіктісің. Егер де тұрғындарың сенен шығармағанда сенен басқа жерде тұрақтасмас едім», - деп, өзі туып өскен Мекке қаласына айрықша ықыласпен қараған. Тұрғылықты жерінде шекарасы айқындалған, мал-мүлік, ар-намыс пен сенім бостандығы қамтамасыз етілген ел - оның Отаны.

Мұсылман баласына Отанын сыртқы және ішкі жаулардан қорғау - парыз. Алла жолында, Отан үшін, дін үшін соғыста жүріп дүниеден өткен адамды «шейіт» деп атайды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Екі түрлі көз ақыретте тозаққа күймейді. Біріншісі күнәсына өкініш білдіріп, онашада егіліп жылаған көз. Екіншісі Отанды қорғап шекара күзеткен көз», деген. Ислам тек құлшылықтар діні ғана емес, ол Отанды қорғап, елді сүюге, тұрақты әрі бейбіт, ізгі қоғам құруға тәрбиелейді. Әйтеке би «Өмірім халықтікі, өлімім ғана өзімдікі» деп халыққа қызмет ету жолында отаншылдықтың айнасы бола білді.

Білім алу - исламдағы басты парыз. Құран Кәрімнің алғашқы түскен аяты «Оқы!» деген сөзден басталады. Білім алу, сауат ашу - Ислам дінінің ең басты талабы. Құран Кәрімнің көптеген аятында білім жайлы айтылған. Қаси-

етті Құранда: «Алла Тағала араларындағы иман келтіргендер мен білім иелерінің дәрежелерін көтереді» («Мүжәдәлә» сүресі, 11-аят) деп білімді болудың артықшылығын білдірген. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «Білім алу әрбір мұсылманға (ер мен әйелге) парыз», - деген. Мемлекетті құраушы күш оның азаматтары десек, әр адам бәсекеге қабілетті болу үшін үздіксіз дамып, өзін-өзі жетілдіріп отыруы тиіс. Озық ақпараттық технологиялар билік құрған заманда бәсекеге қабілетті жекелеген мемлекеттер ғана алпауыттарға жұтылмайды.

Ислам - дүние мен ақырет тізгінін тең ұстаған дін. Құран Кәрімдегі қасиетті аяттарда иман келтіру мен еңбек ету, ізгі іс істеу әрдайым қатар айтылған. Яғни иман мен еңбек ету, игі іс істеу - бір-бірінен ажырамас ұғым. Шариағатта ғибадат істермен қатар адал кәсіп, отбасы, қоғам алдындағы жауапкершілік секілді дүние істері бірге жүреді. Қасиетті аятта: «Намазды оқып болғаннан соң жер бетіне тарап, Алланың нығметінен өздеріне ырыздық-несібе іздендер. Алланы көп еске алыңдар, табысқа жетерсіңдер» («Жұма» сүресі, 10-аят) деп құлшылықпен қатар еңбек етуге, адал табыс табуға шақырған.

Ислам адамзатты алдымен Аллаға иман келтіруге, сол иманның аясында игі іс істеуге шақырады. Адал еңбекпен несібесін табу - пайғамбарлардың жолы. Адал еңбегімен мал тауып, өз күнін көру - ата-анаға, туыстарға масыл болғаннан әлдеқайда қайырлы. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі

болсын): «Сендердің біреулерін қолына жіп алып, даладан күшак отын аркалап өкеліп, сол арқылы Алланың қалауымен күн кешкені адамдардан қайыр сұрағанынан әлдеқайда жақсы», (Бұхари) - деген.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «Көршімен көркем қарым-қатынас жасау - қоғамды көркейтп, өмірді ұзартады» (Имам Ахмад) дейді. Әдепті мұсылман Қиямет күні Алла Елшісімен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бірге болады. Хадисте: «Расында, сендердің іштерінде ең жақсы көретінім және қияметте маған ең жақын болатындарың - мінез-құлқы жақсы болғандарың...» (Имам Тирмизи) деген.

Абдулла ибн Омар: «Пайғамбар дәрегі сөз айтпайтын және әдепсіз іс істемейтін» деп айтатын. Абай атамыз «Адамның адамшылығы - ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп, мәдениеттіліктің мәнін ашып көрсеткен. Адамдар әлеуметтік ортада өмір сүргендіктен, бірқатар қоғамдық тәртіп ережелеріне бағынуы тиіс. Айналасы таза ұстауы, қоғамдық орындарды ластамауы, сондай-ақ, өзгеге зиян келтірмеуі тиіс. Дінімізде «тазалық - иманның жартысы» делінген. Ислам діні тазалыққа, ұқыптылыққа үлкен мән берген. Әрбір мұсылман қоғамдық ортаның әдебінен аттамай, басқа адамдардың ренішін туғызатын іс-әрекеттен аулақ болғаны жөн.

Әділдік - ізгіліктің өзегі. Әділдік жоқ жерде береке болмайды. Алла Тағала әрбір жаратылысты өз өлшеммен әділ жаратқан. Қоғамдағы қиянат пен

жемқорлықтың жолын бөгейтін күш - әділдік. Әділдіктің салтанат құруымен ғана қоғам өркендейді. Қасиетті Құранда: «Әділ болындар. Шын мәнінде Алла Тағала әділ болғандарды жақсы көреді» («Хужурат» сүресі, 9-аят) деп бұйырды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Расында әділ болғандар қиямет күні нұрдан жаратылған мінберлерде болады...» (Имам Муслим) деп, әділдікті ұстанғандарға айрықша мәртебе берілетінін айтқан.

Сондай-ақ, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмірінің соңына дейін әділдікті, адалдықты насихаттап, басқаларға іс жүзінде үлгі бола білді. Одан төлім-тәрбие, үлгі-өнеге алған сахабалардың өмірі де әділдік пен адалдыққа негізделді. Хакім Абай «Кімдекімнің әділдігі жоқ болса, оның ұяты да жоқ» деп әділдікті адами құндылықтардың өзегі ретінде көрсеткен. Мұсылманның ішкі жан дүниесі мен сырт келбеті, барлық іс-әрекеті әділдікке негізделуі тиіс. Төле би бабамыз «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп, туралыққа, әділ болуға шақырған.

Әділдік - адам баласының жеке өмірінен бастап, отбасылық, қоғамдық және мемлекеттік қатынастар секілді барлық салаларда орын алуы тиіс.

Берік АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
аудандық «Жанқұтты би»
месітінің имамы.

Қоғамдық тыңдаулар

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Айса станциясында пайдалы ұзындығы 1650 метрден кем емес кемінде екі қабылдау-жөнелту жолын салу (ұзарту)» жұмыс жобасына әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты алу үшін (ҚОҚБ, ҚОҚЖІЖ) материалдар бойынша ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды (48.52588478564402, 72.62531984361975).

Әсер ету аумағы - Қарағанды облысы, Шет ауданы (48.527103652561586, 72.62706975877833).

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 9 маусымда сағат 15.00-де өтеді. Мекенжайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ағадыр кенттік әкімдігі, Ағадыр кенті, 931 км көшесі, ПЧ-26 әкімшілік ғимараты, техникалық сынып.

Онлайн қосылу үшін Zoom сілтемесі <https://us06web.zoom.us/j/83715075491?pwd=8NVCHuyHMAVQ2raGQhrw4vMBSTvAsz.1>.

Бастамашы: «ҚТЖ» ҰК» АҚ, Астана қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 6, БСН 020540003431, тел.: 8-747-273-81-23, yes.proj@gmail.com.

Әзірлеуші: «Эколого-құқықтық компания «Астра» ЖШС, мекенжайы: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Луначарский көшесі, 28 «В», тел.: 8-705-268-52-00, БСН 120640003298, esopvl@mail.ru.

Қоғамдық тыңдаулар материалдарымен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің <https://ndbecology.gov.kz> сайтында және Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты 8-705-268-52-00 телефоны немесе esopvl@mail.ru электрондық поштасы арқылы алуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күннен кемінде үш жұмыс күні бұрын Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің сайтында, сондай-ақ, «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ келесі мекенжайлар бойынша қабылданады: expertiza.upr_krg@mail.ru және Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 20.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күннен кемінде үш жұмыс күні бұрын Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің сайтында, сондай-ақ, «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ келесі мекенжайлар бойынша қабылданады: expertiza.upr_krg@mail.ru және Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 20.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Акционерное общество «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» объявляет о проведении общественных слушаний посредством открытых собраний по материалам для получения экологического разрешения на воздействие (РООС, ПМООС) к рабочему проекту «Строительство (удлинение) не менее 2-х километровой длины 1650 метров на станции Айса» (48.52588478564402, 72.62531984361975).

Территория воздействия - Шетский район, Карагандинская область (48.527103652561586, 72.62706975877833).

Общественные слушания состоятся 9 июня 2026 года в 15 часов. По адресу: Карагандинская область, Шетский район, Ағадырская п.а., п.Ағадыр, ул. 931 км, Административное здание ПЧ 26, тех.класс.

Для онлайн подключения ссылка в Zoom <https://us06web.zoom.us/j/83715075491?pwd=8NVCHuyHMAVQ2raGQhrw4vMBSTvAsz.1>.

Инициатор: АО «НК «ҚТЖ», г.Астана, ул.Дінмұхамед Қонаев, 6, БИН 020540003431, Тел. 8-747-273 81 23, yes.proj@gmail.com.

Разработчик: ТОО «Эколого-правовая компания «Астра», адрес: Павлодарская область, г.Павлодар, ул.Луначарского, д.28 «В», тел.77052685200, БИН: 120640003298, esopvl@mail.ru.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, <https://ndbecology.gov.kz> и на сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел. 8 7 0 5 2 6 8 5 2 0 0 , esopvl@mail.ru.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты начала проведения общественных слушаний на сайте Национального банка данных, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам: expertiza.upr_krg@mail.ru, и г.Караганда, ул.Лободы, 20.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Жарық станциясында пайдалы ұзындығы кемінде 1450 метр қабылдау-жөнелту жолдарын салу (ұзарту)» жұмыс жобасына әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты алу үшін (ҚОҚБ, ҚОҚЖІЖ) материалдар бойынша ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды (48.859149004584005, 72.83256065487762).

Әсер ету аумағы - Қарағанды облысы, Шет ауданы (48.85878524095526, 72.83981345327719).

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 10 маусымда сағат 15.00-де өтеді. Мекенжайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, С. Сейфуллин кенті, С.Сейфуллин көшесі, 23А, «Жарық» ДС, техникалық сынып.

Онлайн қосылу үшін Zoom сілтемесі <https://us06web.zoom.us/j/83715075491?pwd=8NVCHuyHMAVQ2raGQhrw4vMBSTvAsz.1>.

Бастамашы: «ҚТЖ» ҰК» АҚ, Астана қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 6, БСН 020540003431, тел.: 8-747-273-81-23, yes.proj@gmail.com.

Әзірлеуші: «Эколого-құқықтық компания «Астра» ЖШС, мекенжайы: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Луначарский көшесі, 28 «В», тел.: 8-705-268-52-00, БСН 120640003298, esopvl@mail.ru.

Қоғамдық тыңдаулар материалдарымен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің <https://ndbecology.gov.kz> сайтында және Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты 8-705-268-52-00 телефоны немесе esopvl@mail.ru электрондық поштасы арқылы алуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күннен кемінде үш жұмыс күні бұрын Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің сайтында, сондай-ақ, «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ келесі мекенжайлар бойынша қабылданады: expertiza.upr_krg@mail.ru және Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 20.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күннен кемінде үш жұмыс күні бұрын Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің сайтында, сондай-ақ, «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ келесі мекенжайлар бойынша қабылданады: expertiza.upr_krg@mail.ru және Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 20.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Қарағанды облысы, Шет ауданы аумағында орналасқан Жарық станциясын қолданыстағы қабылдау-жөнелту жолдарын ұзарту арқылы дамыту» жұмыс жобасына әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты алу үшін (ҚОҚБ, ҚОҚЖІЖ) материалдар бойынша ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды (48.859149004584005, 72.83256065487762).

Әсер ету аумағы - Қарағанды облысы, Шет ауданы (48.85878524095526, 72.83981345327719).

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 10 маусымда сағат 12.00-де өтеді. Мекенжайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, С.Сейфуллин кенті, С.Сейфуллин көшесі, 23А, «Жарық» ДС, техникалық сынып.

Онлайн қосылу үшін Zoom сілтемесі <https://us06web.zoom.us/j/83715075491?pwd=8NVCHuyHMAVQ2raGQhrw4vMBSTvAsz.1>.

Бастамашы: «ҚТЖ» ҰК» АҚ, Астана қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 6, БСН 020540003431, тел.: 8-747-273-81-23, yes.proj@gmail.com.

Әзірлеуші: «Эколого-құқықтық компания «Астра» ЖШС, мекенжайы: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Луначарский көшесі, 28 «В», тел.: 8-705-268-52-00, БСН 120640003298, esopvl@mail.ru.

Қоғамдық тыңдаулар материалдарымен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің <https://ndbecology.gov.kz> сайтында және Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Акционерное общество «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» объявляет о проведении общественных слушаний посредством открытых собраний по материалам для получения экологического разрешения на воздействие (РООС, ПМООС) к рабочему проекту «Развитие станции Жарык путем удлинения существующих приемоотправочных путей» по месту расположения: Республика Казахстан, Карагандинская область, Шетский рн (48.859149004584005, 72.83256065487762).

Территория воздействия - Шетский район, Карагандинская область (48.85878524095526, 72.83981345327719).

Общественные слушания состоятся 10 июня 2026 года в 12.00 часов. По адресу: Карагандинская область, Шетский район, п.С.Сейфуллин, ул. С.Сейфуллина 23 А, ДС Жарык тех.класс.

Для онлайн подключения ссылка в Zoom <https://us06web.zoom.us/j/83715075491?pwd=8NVCHuyHMAVQ2raGQhrw4vMBSTvAsz.1>.

Инициатор: АО «НК «ҚТЖ», г.Астана, ул.Дінмұхамед Қонаев, 6, БИН 020540003431, Тел. 8-747-273 81 23, yes.proj@gmail.com.

Разработчик: ТОО «Эколого-правовая компания «Астра», адрес: Павлодарская область, г.Павлодар, ул.Луначарского, д.28 «В», тел.77052685200, БИН: 120640003298, esopvl@mail.ru.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, <https://ndbecology.gov.kz> и на сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел. 8 7 0 5 2 6 8 5 2 0 0 , esopvl@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Акционерное общество «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» объявляет о проведении общественных слушаний посредством открытых собраний по материалам для получения экологического разрешения на воздействие (РООС, ПМООС) к рабочему проекту «Развитие станции Жарык путем удлинения существующих приемоотправочных путей» по месту расположения: Республика Казахстан, Карагандинская область, Шетский рн (48.859149004584005, 72.83256065487762).

Территория воздействия - Шетский район, Карагандинская область (48.85878524095526, 72.83981345327719).

Общественные слушания состоятся 10 июня 2026 года в 12.00 часов. По адресу: Карагандинская область, Шетский район, п.С.Сейфуллин, ул. С.Сейфуллина 23 А, ДС Жарык тех.класс.

Для онлайн подключения ссылка в Zoom <https://us06web.zoom.us/j/83715075491?pwd=8NVCHuyHMAVQ2raGQhrw4vMBSTvAsz.1>.

Инициатор: АО «НК «ҚТЖ», г.Астана, ул.Дінмұхамед Қонаев, 6, БИН 020540003431, Тел. 8-747-273 81 23, yes.proj@gmail.com.

Разработчик: ТОО «Эколого-правовая компания «Астра», адрес: Павлодарская область, г.Павлодар, ул.Луначарского, д.28 «В», тел.77052685200, БИН: 120640003298, esopvl@mail.ru.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, <https://ndbecology.gov.kz> и на сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел. 8 7 0 5 2 6 8 5 2 0 0 , esopvl@mail.ru.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты начала проведения общественных слушаний на сайте Национального банка данных, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам: expertiza.upr_krg@mail.ru, и г.Караганда, ул.Лободы, 20.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты начала проведения общественных слушаний на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, <https://ndbecology.gov.kz> и на сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.



Еске алу

Жылдар жылжып, айлар зымырап үлкен әулеттің көшбасшысы, кісілігі келісті, өз заманында ортасының көркі болған **Тезекбай ҚҰЛСАРЫҰЛЫНЫҢ** фәни жалғанға қол бұлғап қош айтысқанына да 35 жылдың жүзі болыпты.

Сынаптай сырғып өтіп жатқан шіркін уақыт десеңізші! Кеше ғана адамдықтың ақ туын биік ұстап, жан-жағына жақсылығын үлестіріп жүрген 5 баланың әкесі, немере, шөберелерінің қызығын да тамашалай алмай 1991 жылы мезгілсіз өмірден өтті.

Жатқан жерің жайлы, жаның жәннатта, төнің рақатта болсын.

Еске алушылар: **ҚҰЛСАРЫ** әулеті.



Еске алу



Ақсу-Аюлы ауылының тумасы, асқар тау әкеміз, немере-шөберелерінің ардақты атасы **БӨЛТЕКЕИ Шәкіш Айтжанұлының** фәни дүниеден бақиға аттанғанына бір жыл толып отыр.

Ардақты әкемізді сағына еске ала отырып, жатқан жері жайлы, қабірі нұрға толсын демекпіз.

Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып,
Ел айтады, жұрт айтады жарысып.
Көпшіліктен алған алғыс сауабын,
Жатқан шығар рухыңмен қауышып.

Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда,
Көнеміз ғой тағдырдың салғанына.
Көзімізге мұң, ыстық жас келеді,
Әке, өзінді сағынып еске алғанда.

Ардақты жанды сағына еске алушылар - **балалары.**

Марқұмға арналған жылдық асы 9 мамыр күні Ақсу-Аюлы ауылындағы "Сұлтан" дәмханасында сағат 13.00 де беріледі.

Асқа ағайын-туыс, бауырлар, құда-жекжат, дос-жаран, ауылдастар және әкеміздің көзін көрген барша жамағатты шақырамыз.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открыто наследственное дело после смерти Омарова Ергали Жумагалиевича, умершей 16 апреля 2026 года.

Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Султановой К.Т, по адресу Карагандинская область, Шетский район, п.Агадырь, пр.Абай дом 31, телефон 8 710 33 62 426, 8 705 759 29 75.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открыто наследственное дело после смерти Кошель Валентины Ивановны, умершей 20 марта 2026 года.

Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Султановой К.Т, по адресу Карагандинская область, Шетский район, п.Агадырь, пр.Абай дом 31, телефон 8 710 33 62 426, 8 705 759 29 75.

Еске алу



Мына ғаламда тал бесік пен жер бесіктің арасындағы құдайдың өлшеп берген ғұмырын ғибратпен өткізген жандар аз емес. Солардың ішінде тіршілікке тоғыз бала әкеліп, өнегелі өмір кешкен ата-анамыз көзі тірісінде еліне елеулі, халқына қалаулы, қазаны оттан түспеген, қонақсыз ас ішпеген аяулы жандар еді.

Ұлы Отан соғысының майдангері әкеміз **АХМЕТЖАН-ҰЛЫ Құлсары** Мәскеу үшін болған шайқаста екі көзінен айырылып мүгедек болып оралғанына қарамастан шаруашылықтың әр саласында жұмыс атқарып небәрі 57 жасында өмірден озды. Артында ұрпақтары, ордендері мен медалдары, достары мен замандастарының сағынышты естеліктері қалды.

Шешеміз **Секербану АБЗАЛБЕКҚЫЗЫ** балаларын бағып - қағып өсіре жүріп, Қазақ тұтынушылар Одағының озат сатушысы атанып еді. Табысты еңбегі, қоғамдық белсенділігінің арқасында Ж.Ташеновтың қолынан Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасын алды, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталып, айрықша абырой құшағында болды.

Көкірегіміз шерге толып, қабырғамыз қайысып, өздеріңізді бір көруге зар болған көңілсіз күндермен арпалыса жүріп арада қанша уақыттың да өтіп кеткенін байқамай қалдық. Жылдар жылжып өткенімен Сіздердің жарқын бейнелеріңіз жүректен өшкен емес. Әрбір айтқан сөздеріңіз жылдармен жаңғырып, санамызда мәңгі ұялап қалды. Ақжарқын, ақпейіл, аузын ашса жүрегі көрінетін кендіктеріңізбен, есімізде қалдыңыздар. Адам бойындағы бар асыл қасиет бойларыңызға шақ құйылғандай еді. Туған-туыс ғана емес, жора-жолдастарының ортасында ойып тұрып орын алдыңыздар. Адамға деген ақ пейілдеріңіз, досқа деген шексіз құрметтеріңіз, бауырға деген ерекше ілтипаттарыңыз ізгі қасиеттеріңіздің көрінісі, әрі адами қалыптарыңыздың биіктігін көрсетіп тұрушы еді.

Мейірім тұнған шуақты жүздеріңіз, жан сарайымызды жылуға бөлеген сөздеріңіз бен жарқын бейнелеріңіз ұрпақтарыңыздың жадында мәңгі сақтала бермек.

Баға жетпес қазынамыздай қадірлі жандарымызды сағынышпен еске алып, әруақтарына дұға бағыштап, мәңгілік мекендері жұмақ болсын деп қол жайып дұға етеміз.

2026 жылдың 10 мамырында сағат 13.00-де ата-анамыздың әруағына құран бағыштау мақсатында Ақсу-Аюлы ауылындағы «Сұлтан» дәмханасында еске алу асы беріледі. Асқа барша көз-көрген жамағатты шақырамыз!

ҚҰЛСАРЫ әулеті.

Еске алу

Үнірек өңірінің тумасы, жаны жайсан, жүрегі жомарт, ұл - қыздарының асқар тау әкесі, немере - шөберелерінің ардақты атасы, отбасының ұйытқысы **Темірғали ҚАЛЫҚҰЛЫНЫҢ** бұл жалғанмен мәңгіге қош айтысқанына 3 жылдың жүзі болыпты.

Нәсібін адал еңбек, маңдай терімен тауып, маңдайға жазған ғұмырында жан баласына зияны тимеген жүрегі кең жездеміздің асыл бейнесі ешуақытта жадымыздан өшкен емес.

Қабіріңіз жарық, топырағыңыз мамық, иманыңыз көміл болғай!

Еске алушылар: **ҚҰЛСАРЫ** әулеті.



Еске алу

Текті әулеттен тамыр жайған азаматтық арда болмысы бөлек, кісілігі мен кішілігі тұла бойынан төгіліп тұратын, жаны жайсан азамат, аяулы аға, арқасүйер әке, асыл жар, асқар тау ата **Аманбай ҚҰЛСАРЫҰЛЫНЫҢ** фәни ғұмырдан бақиға өткеніне де 24 жылға аяқ басты.

Аманбай Құлсарыұлы айнала-сындағы ағайындарға, бауырларына жанашыр аға, ақылшы жан болды. Көкірегі ояу, шыншыл, ештеңеге бейжай қарамайтын.

Ардақты бауырымызды сағынышпен еске алып, әруағына дұға бағыштап, мәңгілік мекенің жұмақ болсын деп Жаратқаннан тілейміз.

Маңғаз бейнең, майда қоңыр үнің жадымызда мәңгі сақталды.

Еске алушылар: **ҚҰЛСАРЫ** әулеті.




Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тумасы, ардақты бауырымыз, балаларының асқар тау әкесі, немерелерінің аяулы атасы **Есембай ҚҰЛСАРЫҰЛЫНАН** қапыда көз жазып қалғанымызға да 9 жылдың жүзі болды.

Әулетіміздің жанашыры, тіршілігінде еңбексүйгіштігімен, адалдығымен айналасына абыройлы болған Есембай отбасымыздың есінде өзінің ақкөңіл де жайдары мінезімен, жарқын келбетімен қалды.

Иманды болыңыз, жаныңыз жәннатта болсын!

Еске алушылар: **ҚҰЛСАРЫ** әулеті.



Еске алу


Қамшының сабындай қысқа ғұмыр соңына қайырылтып та қаратпайды екен ... Хан ба, қара ма, би ма, дана ма, тағдыр таразының жүгі бақиға ауған күні мәңгіліктің керуен-көші пенде баласын өзіне ілестіріп кете барады екен...

Осыдан тура 17 жыл, 28 жыл, 26 жыл бұрын бізде де ордалы төрімізді толтырып, ортамызда отырған әулетбасының немерелері Тезекбайұлы Еркебұланнан, Тезекбайұлы Ерғанаттан, Тезекбайқызы Әселден көз жазып қаламыз деп ойладық па?!

Б ұ л жандардың барлығы Құлсары әулеті ұрпақтарының жүрегі н д е өздерінің ақкөңіл де жайдары мінездерімен, парасаты, көрікті, жарқын келбеттерімен сақталып қала бермек.

Артында қалған жақын - жуықтары мен ұрпақтары рухтарына басымызды иіп, артта қалған ізбасарларына ұзақ ғұмыр берсін деп тілейміз.

ҚҰЛСАРЫ әулеті.



ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открыто наследственное дело после смерти Ахметбекова Бахтияра, умершей 13 февраля 2026 года.

Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Султановой К.Т, по адресу Карагандинская область, Шетский район, п.Агадырь, пр.Абай дом 31, телефон 8 710 33 62 426, 8 705 759 29 75.

Табиғат тал бесігін

ТАБИҒАТ - ТІРШІЛІК КӨЗІ

Табиғат - тіршілік атаулының құтты қоныс-мекені, тіршіліктің түлеп өсуіне қажет, жер бетіне көрік берген сәні. Халқымызда табиғат деген сөз жер, туған жер, атамекен ұғымдарымен қатар тұрады. Өрбір азамат табиғат алдында өзін жауапты, жануарларды киелі санап, өзен, көл жағалауларын таза ұстап, бұлақ көрсе көзін ашып, ұрпақ санасына сіңіріп, бойларын жақсылыққа үйреткен.

Біздің Ж.Ақылбаев мектеп - гимназиясында «Табиғат таңғажайыптары», «Менің туған өлкем» атты бағдарламалар арқылы Өлке тану сабағында оқушыларға табиғат туралы түсініктемелер беріп, қоршаған ортамен таныстырып, оны аялап, таза ұстау жөнінде айтылып отырады. Мәселен өздері тұрып жатқан ауылдарының тазалығына мән беру керектігін түсіндіріп, тазалық - басты байлық екенін айтамыз. Сонымен қатар маңайымыздағы киелі жерлермен де таныстырып отырамыз.

Шет ауданының жері негізінен ұсақ шоқылы, аласа таулы және белесті келген. Арқалық, Айыртау, Керегетас, Кемер, Күшік, Қотыртау, Шунақ, Бұғылы, Тағылы, Қызылтау, Түйетас т.б. сияқты таулы сілемдер көп. Табылды Досымовтың «Биіктік» өлеңінде «Төбелерді тау деседі біздің ел» деп айтқанындай, әркімнің өз айма-



ғындағы таулары биік шыңдай. Осы тауларға шығып тыныстау, адам денсаулығына зор пайдасын тигізеді.

Шет ауданы Аюлы тауының жанында орналасқан Аюлы тауының етігінен сарқырап аққан бұлақ, Алланың берген сыйы. Жанқұтты би атындағы бұлақтан аудан халқы нәр алса, ауыл шетіндегі Нұра өзені ауылшаруашылығына, тұрмысқа пайдасын тигізуде.

Ауданымызға қарасты көптеген өзендер бар. Олардың бастысы Шерубай Нұра, Жақсы Сарысу, Есен, Талды, Байқасқа, Манақа, Қайрақты, Қарабидайық, Қараеспе, Қарасай, Құрманқа, Құрөзек деп аталады.

Аталған өзендерден су ішіп, қорек ететін қасқыр, түлкі, қарсақ, қоян секілді аңдар көп кездеседі.

Ауданымыз шөлейтті және далалық аймақта

орналасқандықтан, қысы суық, жазы ыстық өрі құрғақ келеді. Табиғатымыз өртүрлі өсімдіктерге бай. Сонымен қатар аудан аумағында пайдалы қазбалар да көп.

Табиғатқа жанашырлық көзқараспен қарау үлкен кішіге бірдей мәселе болуы керек. Барлық елде экологиялық проблема бар. Біздің елдегі осы мәселе президент тарапынан қолға алынып, тиісті шаралар қабылдануда. Сондықтан атадан мұра болып қалған жерімізді, ауасы таза табиғатымызды ластамай, күтіп, таза ұстау әрқайсымыздың парызымыз және келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміз болмақ.

Фая ЖҮНІСОВА,
Ж.Ақылбаев атындағы
мектеп-гимназиясының
тарих пәнінің мұғалімі.

Спорт

АҢСАҒАННЫҢ КЕЗЕКТІ ЖЕҢІСІ

Ақадыр кентінің балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы, тоғызқұмалақшы Қожанәсіп Аңсаған Азаматқызы Бурабай өңірінде (Шучинск қаласында) өткен тоғызқұмалақтан ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында рапид түрінен жүлделі ІІ орынды иеленіп, үлкен жетістікке қол жеткізді. Аталған жетістік табандылық пен еңбекқорлықтың ғана емес, сонымен қатар ақыл-парасат пен төзімнің жемісі екені сөзсіз.

Жарыс барысында өзінің жоғары деңгейдегі шеберлігін, ой ұшқырлығын, сабырлығын көрсеткен Аңсаған қарсыластарының арасынан дара шығып, облыс намысын абыроймен қорғады. Осындай биік белесті бағындыру - әрбір



спортшының арманы екені анық.

Бұл жеңіс - алдағы асуларға бастар үлкен қадам. Жарыс қорытындысы бойынша Аңсаған Румыния мемлекетінде өтетін Өлем біріншілігіне жолдама алып, халықаралық деңгейде ел намысын қорғау құрметіне ие болды.

Қ.БЕКҚОЖИН,
Ақадыр кенті.

Жерлесіміздің Қазақстан Республикасының чемпионатында алған күміс жүлдесі құтты болсын. Алдағы Өлем біріншілігінде де биік тұғырдан көрініп, көк туымызды желбірететініне сеніміміз мол.

Құттықтаймыз!

Тағылы ауылдық округіне қарасты Қызылту ауылының тұрғыны, ардақты ана **Нина ЖӘМКЕЙҚЫЗЫ** 80 жасқа толып отыр. Нина апай 7 ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, бүгінде немере, шөбере көріп отырған бақытты әже.



Нина апай қырық жылдай ауылдағы дүкенде сатушы болып еңбек етіп, ауыл шаруашылығы саласында жеке кәсіп ашып, төрт түлік мал өсіріп, қолындағы келіндеріне ақыл-кеңесін айтып, мал шаруашылығының қыр-сырын ерте бастан меңгерген жан. 55 жыл отасқан Төкіш ақсақалмен бақытты ғұмыр кешіп, ұл-қызына, бүкіл әулетке қамқоршы болған асыл ананы ауылдастары да өте қадірлеп, құрметтейді.

Сексеннің сеңгіріне келіп отырған Нина апайға бақуатты өмір, зор денсаулық тілей отырып, балаларыңыздың қызығын қызықтап, ұзақ ғұмыр сүруіңізге тілектік білдіреміз.

Ігі тілекпен: **аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрайымы Г.АХМЕТОВА және ауылдық әйелдер кеңесінің төрайымдары.**

Қарттарым - асыл қазынам

ҚАРТТАРҒА ҚҰРМЕТ
КӨРСЕТІЛДІ

Қашанда үлкенді сыйлау, қарияны құрметтеу дәстүрі-қазақ халқының ата салты екені белгілі. Осы орайда жақында Красная поляна ауылының қарт тұрғыны, торқалы 90 жасқа толған Жаксимбаева София Ивановнаға құрмет көрсетілді. Мерейтой иесіне округ әкімі Ж.Шайжанов, ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы А.Қарыбаев, сондай-ақ, аналар кеңесінің төрайымы ретінде

Еңбек жолында ауылдық ауруханада ұзақ жылдар бойы аспаз және санитар қызметтерін абыроймен атқарып, халыққа адал қызмет етті. Өз ісіне жауапкершілікпен қарап, өріптестері мен ауыл тұрғындарының құрметіне бөленген жан.

Қазыналы қарттарымыз - елдің асыл қазынасы. София апамызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасының амандығын тілейміз.



өзім арнайы барып, мерейтой иесін құттықтап, ізгі тілектерімізді білдірдік.

София Ивановна 1957 жылы Белоруссияның Могилев қаласынан біздің өңірге қоныс аударған екен. 1958 жылы шаңырақ көтеріп, 2 бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана. Бүгінде бір немере, үш шөбере сүйіп отырған аяулы әже.

Отбасының берекесі, шаңырағының тыныштығы мен татулығының тұтқасы болған абыз ақсақалдарымыз бен ақ жаулықты әжелеріміз біз үшін әрқашан да үлгі-өнеге болып қала бермек.

Жазира АМАЛБАЕВА,
аналар кеңесінің
төрайымы.
Красная поляна ауылы.